**ОРАЛ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ**

**МАХАМБЕТ ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**«ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ҚОЛДАУ ҚОРЫ» ЖЕКЕ ҚОРЫ**



# «АЛАШ ОРДА» ҚОЗҒАЛЫСЫ: ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ИДЕЯСЫНЫҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ»

**атты Алаш Орданың құрылғанына 100 жыл толуына және Батыс Алаш Орда көсемдерінің қызметтеріне арналған ғылыми-тәжірибелік конференциясының**

## МАТЕРИАЛДАРЫ

**Орал қаласы,**

**31 мамыр 2017**

**УДК 94(574)**
**ББК 74.58**
**А-45**

**Құрастырушы: Қалменов Мұрат Дабылұлы, тарих ғылымдарының кандидаты**

**Басылымға жауапты: Курумбаев Айболат Шамұратұлы, тарих магистрі**

А-45 «АЛАШ ОРДА» ҚОЗҒАЛЫСЫ: ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ИДЕЯСЫНЫҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ» атты Алаш Орданың құрылғанына 100 жыл толуына және Батыс Алаш Орда көсемдерінің қызметтеріне арналған ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары - Орал: Жәңгір хан атын.Батыс Қазақстан аграр.-техн. ун.-ті, 2017-159 б.

Алаш Орданың құрылғанына 100 жыл толуына және Батыс Алаш Орда көсемдерінің қызметтеріне арналған «Алаш Орда қозғалысы: қазақ мемлекеттілігі идеясының дамуына ықпалы» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары оқытушыларға, тарихшыларға, өлкетанушыларға, Отан тарихына қызығушы оқырмандарға арналған.

**УДК 94(574)**
**ББК 74.58**

**©«Ғылыми зерттеулерді қолдау қоры» жеке қоры, 2017**

# ТАР ЖОЛ ТАЙҒАҚ КЕШУДЕ АЛАШ БАЛАСЫН АМАН АЛЫП ӨТЕТІН ЖАНША...

**Төлепов Н. Ж.**, Жәңгір хан атындағы тарихи этнографиялық музейінің меңгерушісі

Тарих бетінің тәлімге толы парақтары «Алашқа» қатысты әңгіме қозғасақ бүгінде ұлт алдында мынандай сұрақ тұр: «Біз «Алаш» қозғалысының мұрасын қаншалықты кәдеге жаратудамыз және сол тұлғалардың тынымсыз еңбегін қаншалықты бағалаудамыз?»

**«Алаш»** туралы сөз қозғасақ ойымызға келетіндер А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейхановтар. Ал қалған қайраткелер есімі лайықты орнын халық жадынан емес, тарих парақтарынан ғана алған. Уақыт кейбір тұлғалар есімін ұмыттырғанымен, халық, қала берді тарих «Ел үшін туған ерлерді» естен шығармайды. Ұмытсақ – тарих алдында кінәлі боларымыз хақ. Өйткені, ұлт маңдайында ұмытуға болмайтын мың жылда бір дүниеге келетін қайталанбас тұлғалар болады.

Ұмытуға болмайтын ұлттың ұлы перзенті, елім деп еміренген, жерім деп тебіренген Жанша Досмұхамедовты естен шығару – болашаққа бұлыңғыр қарау деген сөз. Өйткені, «өткенін білмеген ертеңгісіне көз жүгірте алмасы хақ». Аталған тұлғалар ерлігінің куәгері болған тарих – қателіктерді кешірмейтін, өзгерістерді қабылдамайтын дәл ғылым. Сондықтан, әрбір алашордашының бағасы мен орны олардың тәжірбиеден алынған саяси қызметтерін өмірде қолдану арқылы ғана емес, олардың тарихи сәттегі саяси күреске қосқан нақты үлестері арқылы анықталады. Өйткені, ол тарихи тұлғалар саяси сұрапыл заманда өмір сүре отырып Қазақстанның тәуелсіздігі үшін басын тікті.

**Жанша Досмұхамедов** – «**Алаш партиясының**» жарқылдаған алмас жүзді алдаспанындай танылған көшбасшысы, «**Алашорда**» қозғалысының дамуына бірден-бір үлес қосқан қоғамдық-саяси тұлға, «**Тар жол тайғақ кешу**» атты тарихи романның бас кейіпкері.

Тарихи мұрағат құжаттары және көне тарихнамалар Жанша Досмұхамедовтың қайталанбас көшбасшылық қасиетін ерекше баяндайды. Сәкен Сейфуллин «Тар жол тайғақ кешу» атты романында: «Бұлар Бөкейханұлдарынан гөрі екпіндірек болған. Бөкейханұлдары ептеп амалдап, «Ой бауырым-ай! Алашым-ай» деген көлгірлікті жүндей сабап, Досмұхамедұлдары тура амалдамай-ақ, ептемей-ақ, өздерінің «хандығына» жетуге кіріскен» деп жазған.

Ұлт зиялысының ұлылығының каймағын ұрпаққа бұзбай жеткізу мақсатында Сәкен Сейфуллин Жаханшаны қазақтың ұлы тұлғасы, қайталанбас балуан Қажымұқанмен салыстыра отырып суреттейді. «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» дегендей Қажымұқан ондаған алашордашыларды жыға алады, бірақ саяси күресте ол бір ғана заңгер Жаншаның өзіне қарсы тұра алмас еді. Ол осы арқылы Ж. Досмұхамедовтың қайталанбас феноменін және Жаншаның саяси күрестегі елеулі рөлін көрсетеді.

Сәкен Сейфуллин Жаншаның саяси күрескерлігінен бөлек нағыз тарихи шешуші сәттердегі ұлт көшбасшысы үшін қажетті қасиет әскери басшылық талантына ерекше назар аударады. Қысқа қайырсақ: «Дәл осында Үкімет бастығы Жанша отырған. Ол мүлдем жаңа, жаңашыл, бірыңғай талғамды адам және ол парсы әскер басшысы Ризашахқа ұқсайды. Жанша тартымды тұлға, қала-қалама ол адамды өзіне қарауға тартып тұрады. Жанша – Алаш Орданың көсемі, Жанша – «қазақтың ханы»...

Осылайша С.Сейфуллин өзінің кең ой-өрісі арқылы Жаншаның әскери басшылық талантын ашады.

Рзахан – Ризашах атанған парсы жұртының, Қызылбастытың әскер бастығынан Иран мемлекетінің көшбасшысына дейін көтерілген тұлға – Жаншаның замандасы. Ризашах еліне қиын сәт туғанда тәуелсіздікті сақтап қала алды. Ризашахтың ұлы еңбегі Иранды мығым, заманауи мемлекетке айналдырады.

Сәкен Сейфуллиннің салыстырмалы сипаттамасына назар аударсақ, ол Қажымұқанды Жаншамен салыстыра отырып халық образы мен халық көшбасшысының саяси күресінің өмірге емес, өлімге алып келе жатқан тарихи сәтті көрсете алды. Өйткені, Жанша Досмұхамедовтың бойында халықты қорғай алатын және өркениеттің бәсекесіне ілесе отырып ұлт мүддесін қорғай алатын қасиеттері болды. Әттең, халықтың қолдауы кем болса керек!

«Тар жол тайғақ кешу» романында барлық дерлік жолдар Жаншаға арналған. Сәкен Сейфуллиннің жазғанына сүйенсек өзге алашордашылар дәл Жанша сияқты құрметке лайық емес. Әдеби шығармада Жанша есімі қазақ халқының өркендеуі, дамуымен тығыз байланыстырылады. Өйткені, Жанша Досмұхамедов бірінші және ұлы, батыл және ержүрек көшбасшы болып халық жадында қала бермек. Мемуар романның авторы Сәкенге сөз берсек: «Съезд әбден Жаншамен бірге еріп кетті. Тегіс рухтанды. Жұрт Жаншаның соңынан отқа да. Суға да түсуге әзір болды».
«Жаншадай ұл жоқ, Жаншадай ер жоқ. Алаштың туын көтерген Жанша, ислам дінін қорғайтын Жанша, Алаш үшін бір жанын бәйгеге тіккен Жанша. **Тар жол, тайғақ кешуде Алаш баласын аман алып өтетін Жанша ...»** Осы нүктелер астында роман авторы Сәкен Сейфуллин, сол қысыл-таян заманда Жаншаны қолдай алмаған халық пен көре алмаған замандастарының тұлғалық қасиеттерін сынаса керек.

Жанша туралы ең құнды мәлімет 1917 жылы жарық көрген Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» романында беріледі. Есімізге түсірсек, Жаншаның замандастары оның қайталанбас шешендігіне тәнті болған. Оны Сәкен Сейфуллин былай суреттейді: «Алаш Орда көсемдерінің арасынан өзінің қызыл тілділігімен Міржақып Дулатов пен Жанша Досмұхамедов ерекшеленді. Міржақып әдеби баяндаудың шебері болса, Жанша – керемет шешен болды». Бұл дұрыс. Өйткені, біз мұнда М.Дулатовтың – ақын, филолог екенін ескеруіміз қажет.

Р.Мажитовтың «Жаханша Досмұхамедов» атты монографиясында жазушы Жаншаның жерлесі, Сырым Датұлының, ізінен ерген кәсіби қағидасын ашып көрсетеді. Кәсіби қағида мынаған негізделеді: сөз аудиторияны бағындыруы қажет және тыңдаушы ұйып тыңдауы керек; «аудитория сенің кәсібилігіңді сөзіңе, біліміңе қарап бағалайды»; сөз көптеген мысалдар арқылы, қарама–қайшылықтар арқылы, анализмдер арқылы тыңдаушысын шабыттандыруы тиіс.

Әрине, Жанша Досмұхамедовтың саяси – шеберлігі, мінбе–шешендігі, жетілген реформатырлығы оны замандастарынан ерекшеліп тұрды.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Жанша Досмұхамедовты, қазіргі тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп жатқан ұрпақтары өз халқының ұлы арманын орындауда өлшемсіз үлес қосқан аңыз тұлғаны құрметтеуге тиіс және ұмытпаулары қажет. Ол үшін, ұлтымыздың ұлы ұрпағы Жанша Досмұхамедовтің қызметін зерттеу оның тек «Алаш» Ордадағы қызметін зерттеумен емес, оның шығармашылық қызметін қазақ халқының өркендеуі жолында қолдану керектігін зерделеумен толықтырылуы қажет.

## МАЗМҰНЫ

**АЛҒЫ СӨЗ**........................................................................................ 3
**С.Т.Рысбекова, Т.З.Рысбеков, Б.Ғ.Шынтемірова** Алашорда үкіметінің ақ казактармен ұлттық әскери жасақтар құру жолындағы жүргізген шаралар........................................................................................ 5
**Е.Е.Хайдаров** Алаш қозғалысы және жастар ұйымдары.................... 9
**А.Ш.Курумбаев** Утешкали Атаниязов – член Центрального Исполнительного Комитета по управлению Букеевской Ордой......... 14
**С.О.Смағұлова** Алашордашылардың қудалануы................................ 17
**М.М.Ақмырзаев** Алаш қозғалысы және Алаш Орда көсем-колбасшылары рухын жаңғырту.................................................... 27
**С.М.Гиззатов** Алаш зиялыларының дәстүрлі дін үшін күресі........... 31
**А.С.Байбулсинова** Алаш қайраткері Дәулетшах Күсепқалиев.......... 34
**Д.Б.Байбуранов** Алаш тарихын зерттеудің қазіргі заманғы перспективалары және мәдениет мәселелері........................................ 39
**Л.А.Тайрова** Азаттық аңсаған комитет............................................ 42
**Қ.Құттымұратұлы** Алаштың «Ұраны»................................................ 47
**А.Ж.Дузбасова** М.Шомбаловтың қоғамдық мемлекеттік қызметі..... 57
**Б.С.Боранбаева** Ғұмар Караштың Алаш тарихындағы алатын орны........................................................................................ 60
**Ж.С.Галиева** Батыс өңірінен шыққан зиялылар................................ 65
**Г.Ж.Балжанова** Алаш мұраты және ұлттық руханият.......................... 71
**Н.Ж.Төлепов** Тар жол тайғақ кешуде Алаш баласын аман алып өтетін Жанша........................................................................................ 74
**М.Фазылова** Қажымай алтын айға қол сермеп, сол жолда мерт болды........................................................................................ 76
**С.А.Еділханова, Г.Б.Қамиева** Ә.Бөкейхановтың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс дәуіріндегі қызметі.............................................. 81
**Қ.М.Мурзаходжаев** 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне жәдидтердің көзқарастары.............................................................. 85
**А.С.Калиева** Батыс Алаш Орда қайраткері Жаһанша Досмұхамедұлы.................................................................................. 88
**А.К.Жакупова** Алаш тағылымы және Тәуелсіздік............................. 92
**Г.С.Саркулова** А.Букейханов - лидер национально-освободительного движения «Алаш»........................................................ 97
**С.О.Амалова** Алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі – Есенғали Қасаболатов........................................................................................ 101
**Л.С.Нуркеева** Алғашқы шығыстанушы, 1-2 Мемлекеттік Дума депутаты, Алаш Орда үкіметінің белді мүшесі Бақтыгерей

Құлмановтың тарихи бейнесі........................................................ 105
**С.Қ.Сүлейменов** Алаштың ардақты көсемі...................................... 109
**Ы.А.Қатарова** Шахзада Шонанова (Қаратаева) – саяси қуғын-сүргін құрбаны болған қазақ қызы...................................................... 112
**А.Ж.Жеңіс** Алаш қайраткері - Бақтығали Бисенов.............................. 116
**А.А.Бекенжанова** Әлихан Бөкейхенов - қоғам және мемлекет қайраткері...................................................................................... 118
**О.Д.Табылдиева** Ә.Бөкейханов еңбектеріндегі қоғамдық-саяси және әлеуметтік мәселелер............................................................ 122
**Б-Ф. Қанай** Мемлекет және қоғам қайраткері, Алашорданың белді мүшесі - У.Танашев............................................................... 127
**А.Байтұрсынова** Шынайы қоғамның қайраткері!................................. 135
**А.М.Залмуканова** Алашорданың Батыс бөлімі.................................. 143
**А.Құспанова** Алаш Орда қайраткері – Бақтыгерей Құлманов........... 148
**Г.Сертаева** Қоғам қайраткері, Алаш Орданың белсенді мүшесі – Салық Омаров............................................................................ 151
**ҚАРАРЫ**.......................................................................................... 155

***«АЛАШ ОРДА ҚОЗҒАЛЫСЫ: ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ИДЕЯСЫНЫҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ»***
**атты Алаш Орданың құрылғанына 100 жыл толуына және Батыс Алаш Орда көсемдерінің қызметтеріне арналған ғылыми-тәжірибелік конференциясының**
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

Құрастырушы:
**Қалменов Мұрат Дабылұлы,**
*тарих ғылымдарының кандидаты*

Басылымға жауапты:
**Курумбаев Айболат Шамұратұлы,**
*тарих магистрі*

30.05.2017 ж. басуға қол қойылды
Формат 30х42 ¼ Офсетті қағаз 80 м/г
Көлемі 10,0 Тапсырма № 326
Таралымы 200
***Дайын түпнұсқасының сапасына толық сәйкестікте басылды***
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
090009 Орал қ., Жәңгір хан көшесі, 51